



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

ӘОЖ 37.013.2

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Исергепова Салтанат Душановна  
Аманова Сара Самратовна  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ  
Қостанай қ., Қазақстан  
lsergepova78@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалада белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті өзара әрекеттестікті өзара қамтамасыз етіп, сонымен қатар сабақ барысында материалды жақсы меңгеріп, оқушының ой-пікірін айту, қарым-қатынас жасау, мінез-құлық машығын қалыптастыратындығы туралы айтылған.

**Түйінді сөздер:** белсенді оқыту, әдіс, тиімді, құндылық, технология.

### Аннотация

В статье подчеркивается, что использование активных методов обеспечивает взаимопонимание, взаимообеспечение, а также хорошее усвоение материала во время урока, формирование у учащегося навыков рассуждений, общения, поведения.

**Ключевые слова:** активное обучение, метод, эффективный, ценность, технология.

### Abstract

The article emphasizes that the use of active methods ensures mutual understanding, mutual support, as well as good assimilation of the material during the lesson, the formation of reasoning skills, communication, behavior in the student.

**Key words:** active learning, method, effective, value, technology

Білім берудің жаңа мазмұны жаңартылған бағдарлама болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің жаңа үлгісі мен жаңа технологияны меңгеру қалыптасып болды. Жаңа бағдарламаның мақсаты – құрмет, ынтымақтастық, адалдық, ашықтық, азаматтық, жауапкершілік және жақын арадағы даму аймағында жұмыс істеу және тағы басқа адами құндылықтарға тәрбиелеу. Кешкі мектепте оқу үдерісіне қойылатын талаптардың бірі – оқушының өз бетімен ізденуі. Сондай-ақ мұғалімдер бұрынғыдай ереже бойынша егжей-тегжейлі түсіндіріп отырмайды, керісінше оқушының өзі ізденуіне жағдай жасайды. Осы талаптарды орындау үшін қазақ тілін оқытып-үйрету көптеген ізденістерді оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді. Бірақ қолдану керек екен деп оңды солды шашыранды қолдана беру дұрыс емес. Сондықтан оқытудың белсенді әдістерін таңдағанда бірқатар критерийлерді басшылыққа алуға болады, атап айтсам: оқу мақсаттары мен міндеттеріне, принциптеріне сәйкестігін; зерттелетін тақырыптың мазмұнына сәйкестігін; білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкестігін; оқыту шарттары мен уақытына сәйкестігін ескерген жөн. Ұсынылған критерийлер негізінде оқытудың белсенді әдістерін таңдау туралы шешім қабылдауда (оңай, орташа, күрделі) деңгейлерді және стереотипті, стихиялық, оңтайлы шешімдерді ажыратуға болады [1, б.9].

Белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті өзара әрекеттестікті өзара қамтамасыз етіп, сабақ барысында материалды жақсы меңгеретіндей етіп, оқушының ой-пікірін айту, қарым-қатынас жасау, мінез-құлық машығын қалыптастырады. Сонымен қатар белсенді әдіс оқытудың әлеуметтік мәнін, оқушының рухани өсуін, адамгершілік жағынан дамуын, ынтымақтастық ортақ мақсат пен қағидалар негізінде біріктіруге ықпал жасайды. Белсенді әдістерді қолдану кезінде оқушылардың тыңдаушы емес, қатысушылар болуы, рөлге енуі, танымының қалыптасуы қарастырылады. Демек, оқытудың белсенді әдістері – бұл оқушының іс-әрекеті нәтижелі, шығармашыл, ізденуші сипатта болатын оқыту әдістері.

Кешкі мектепте белсенді оқыту әдістерін қолдану мынадай қағидалармен ерекшеленеді:

✓ мұғалім дайын білімді бермейді. Оқушылардың шешім қабылдауына, өз ойы мен пікірін айтуға үйретеді;

✓ оқушының ойлау қабілетін мақсатты түрде белсендіруге жұмыс істеп, оның қалауына қарамастан белсенді болуына мәжбүрлеуге талпыну керек.

✓ оқушыны сабаққа қызықтыру үшін олардың белсенділігі қысқа немесе эпизодтық емес, көбінесе тұрақты және ұзақ болуы керек (яғни бүкіл сабақ барысында);

интерактивті сипатта (ағылш. interaction-өзара іс-қимыл), яғни оқу қызметі субъектілерінің тікелей және кері байланыс жасау арқылы тұрақты өзара іәрекет жасауға дағдыландырады; қандайда бір мәселенің шешу жолдары туралы еркін пікір алмасуға баулиды [3, б.12].

Мұғалім мен оқушының арасындағы әрекеттің ауысуы оқушының белсенділігіне орын береді. Әрине белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау, оны орынды пайдалану – оңай жұмыс емес, көп ізденуді қажет етеді. Мұғалімге белгілі бір әдісті қолданбас бұрын, оған бірнеше мәселені ойластыру керек. Мысалы, оқушылардың санын, жас ерекшелігін, қабілеттерінің деңгейлерін, жынысын, инклюзивті білім алуды қажет ететін оқушыны және тағысын тағы, яғни бәрін ұмытпауы тиіс.

Әсіресе, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда аталған әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану, соның ішінде сөздік қорды қалыптастыру өте маңызды. Одан басқа бұл жерде пәнге, тақырыпқа және тіл үйренуге деген қызығушылықты ояту, үйренуге болады деп сендіру маңыздырақ. Ол үшін төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) назардан тыс қалдырмау керек. Осы дағдыларды қалыптастыру үшін, үнемі белсенді әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолдануды зерттеп, жаңалыққа ұмтылу – пән мұғалімінің міндеті. Демек, оқушының жүйелі жұмыс жасауына мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына жетудің мақсатын қою, сол мақсатқа жету үшін нақты міндеттер қоя білу – әрбір мұғалімнің шеберлігі мен тәжірибесіне байланысты болады. Яғни, әр мұғалім «Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз үйренеміз» деген философ А.Сенеканың қағидасын жадында ұстағаны жөн [4, б.23].

Дәстүрлі білім беру кезінде, әсіресе кешкі мектепте үздік оқушының қазақ тілін іс жүзінде қолдана алмайтындығын, ал мектепте нашар оқыған оқушының мектептен тыс уақытта, бір жыл ішінде қазақ тілінде тез сөйлеп кеткен жағдайлар болды. Өйткені оқушы бұрынғы бағдарламада көбіне грамматикалық ережелерді жаттауға көп уақыт жұмсайды. Ал мына жаңартылған бағдарлама бойынша мұғалім оқушының алған білімін белсенді оқыту әдіс-тәсілдер арқылы күнделікті өмірде пайдалана алуына мүмкіндік жасайды. Қазақ тілін оңтайлы үйрету барысында мұғалімге қандай белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын және оларды алты кезеңге бөліп талдап өттік. Олар:

1. Сабақты ұйымдастыруға бағытталған әдістер. Мұнда төменгі буын оқушыларын қызықтыра түсетін «Қар кесегі», «Ұшақ ұшыру» әдістері арқылы өткен сабақты еске түсіруге болды. Орта буын оқушыларына смартфон арқылы ойындар, әсіресе, «Пликерс» әдісі пәнге деген қызығушылықтарын оятуға тиімді болды.

2. Тыңдалым дағдысына арналған әдіс-тәсілдер. Тыңдалым ең маңызды – дағды. Себебі, ақпаратты құлақпен есту арқылы қабылдай алмасақ, алған білімді күнделікті өмірде іске асыру қиын болады. Біз тыңдағанда, әрбір жекелеген дыбыстарды (әріптер, ритм, пауза) қабылдау үшін қандай да бір мағынаға ие болатын хабарламаға айналдыру үшін миды іске қосамыз. Ғалым Ф. Оразбаеваның айтуы бойынша, түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Сондықтан, «Жасырын сөз», «Ойымды аяқта» деген әдістер тиімді.

3. Айтылым дағдысын қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер. Айтылым бірнеше мақсатта орындала береді. Педагог Х. Дэвис 1996 жылы сыныпта тиімді және нысаналы әңгіме жүргізу мұғалімдерге әдетте қиынға түсіп жататынын анықтады. Басқа дағдылар сияқты, айтылым дағдысына үйрету де жоспарлы түрде жүргізіліп, оған қолдау көрсетіліп, лайықты түрде бағамдалуы керек [2, б.5].

Кешкі мектептегі өз тәжірибемізде орыс тілді мектепте оқушылар «ПОПС» әдісі арқылы қазақ тілінде сөз саптауды өте тез үйреніп алды.

4. Оқылымға арналған әдіс-тәсілдер. Оқылым көру, ойлау арқылы жүзеге асатын дағды. Интенсивті, экстенсивті, рефлексивті оқу, көз жүгіртіп оқу, ақпаратты табу үшін оқу – осылардың бәрін мұғалім түсінуі керек. Мәтіннің түрлерін де ажырата білу керек. Сонда ғана белсенді оқыту әдістерді тиімді пайдаланады деген ойдамын.

5. Жазылымға арналған әдіс-тәсілдер. Жазылымға сөздік, шығарма, эссе жазу жатады. Жазылым үшін әр балаға сыныптағы оқушылардың фотоларын таратып, сол оқушы туралы «Портрет жасау» және әңгіме жазуға тапсырма берген өте қызықты болды. «Аялдама» әдісімен де жазылымды ұтымды орындауға болады.

6. Сабақ қорытындылауға арналған әдістер. Мұнда «Тұжырымдамалық карта» ойынын ойнау арқылы бекітуге болады, ойын барысында олар «Бір минут» тапсырмасын орындаған кезде алған барлық ақпаратты жинақтайды және құрылымдайды. Осындай тиімді әдістердің бірі біреудің пікірімен келісетінін, келіспейтінін айтып, дәлелдей білу.

	Тұжырымдар, пікірлер	Келісемін	Келіспеймін	Өзге ойдамын
1	Ұтымды жоспарлау – табыстың түйінді факторы			

2	Емтиханды жақсы тапсыратын оқушылар әдетте ата-аналарынан көп көмек алады			
3	Мұғалім сізді ынтамен жұмыс істегеніңіз үшін мақтайды			
4	Егер сіз тестіден сүрінсеңіз, бұл сіздің нашар дайындалғаныңыздан			
5	Оқудағы жүйелі тәсілдер жақсы нәтижелерге жеткізеді			
6	Келесі тест бойынша дайындалар алдында маған соңғы тест бойынша алған бағалар қажет			
7	Бір нәрсені дұрыс түсінбеген болсам, бұл мұғалімнің дұрыс түсіндірмегендігінен			
8	Егер сізге орындай алмайсың деп айтса, онда тырысудың қажеті жоқ			
9	Емтиханды ойдағыдай тапсыру – бұл жолың болғандықтың салдары			
10	Менің жасымда оқу қиын, себебі мен достарыммен қыдыруға тиістімін			
11	Әдетте басқалармен жарыссам, менің ісім жақсы жүрмейді			
12	Адамдар емтиханға дайындалмаған уақытта емтихан әділ өткізілмеді деп шағымданады			
13	Адамдар емтиханға дайындалмаған уақытта емтихан әділ өткізілмеді деп шағымданады			
14	Пән бойынша озық болу мұғалімнің сізге ұнайтынына байланысты			
15	Сіз өз қателеріңіз арқылы келесі жолы қалай жақсы оқу керектігін үйрене аласыз			
16	Өмірде табысқа жету үшін тиісті адамдарды білу маңызды			

Жұмыстың белсенді формалары мен оқыту әдістері коммуникативті дағдылар мен қасиеттерді қалыптастыруға, өз ойларын нақты тұжырымдай білуге, басқа адамдардың әртүрлі көзқарастары мен пікірлерін тыңдауға және ескеруге, көшбасшылық қабілеттер мен қасиеттерге, командада жұмыс істей білуге ықпал етеді.

Қазақ тілі сабақтарында «Ассоциация» әдісін қолданамын, ол бейнелі ойлауды, есте сақтауды қолдануға мүмкіндік береді. Бірінші оқушы карточканы мұғалімнен алады және осы сөзбен байланысты тізбектеп атайды. Карточка мұғалімге оралғанға дейін тізбек бойынша беріледі. Сабақтың кез келген кезеңіндегі ең танымал әдістердің бірі «Кластер» деп санаймын. Бұл әдістер сабақтарда білімді түсіндіру, бекіту, жалпылау, өзіндік жұмыс кезінде болады.

Қорытындылай келе, белсенді оқыту әдістерді білу және қолдану әрдайым білім берушілерге, әсіресе кешкі мектеп оқушыларына білім беру процесінде сәттіліктің кепілі бола бермейді. Мұғалім өз шеберлігін, кәсіби дағдыларын жетілдіруі керек. Сонда ғана білімге деген сүйіспеншілікті оята алатын мұғалім бүкіл қоғамның даму барысын анықтай алады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244с.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.- 263 б.
3. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.
4. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясын дамыту құралы ретінде. – А., 2002.-198 б.